

Электрмен жабдықтау жабдығы мен алаңнан тыс желілерін Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 7 ақпандағы № 100 Қаулысы

«Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес электрмен жабдықтау жабдығы мен алаңнан тыс желілер республикалық меншіктен «Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің теңгерімінен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген объектілерді қабылдап алу-беру бойынша қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

7

а қ п а н д а ғ ы

№

1 0 0

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Республикалық меншіктен «Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің теңгерімінен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілетін электрмен жабдықтау жабдығы мен алаңнан тыс желілер

ТІЗБЕСІ

Электр жабдығының атауы	Орналасқан жері	Техникалық сипаттамалары			Теңгерімдік құны теңгеде
		Типі, маркасы	Қуаттылығы	Саны	
1	2	3	4	5	6

Кабельдік желілер	«Батыс» КС ЖТҚ-6кВ-дан ТП 3611 ТҚ-6кВ-ға дейін жер астындағы орда төселген	А П в Внт-LS1x400 /50L=2400	6кВ	14400 м	65424900
«Sihroteks» 7SJ6225 қорғаушы блогы және А1805 есептегіші бар «Siemens» жоғары вольтті ұяшығы	«Батыс» КС ЖТҚ-6кВ	КМ 1 Ф		2 дана	17180185
Жоғары вольтті ұяшықтар, оның ішінде 1250А «Siemens» арналған ЗАН-5 вакуумды ажыратқыштары бар ұяшықтар, секциялық айырғыштары бар ұяшықтар	№ Е9-62 көшесі, 9-үйдегі «ҚР Парламенті ШБ Автошаруа-шылығы» РМК аумағындағы ТКС 3611	КСО2-10		6 дана 4 дана 2 дана	17080306
Күштік трансформатор	№ Е9-62 көшесі, 9-үйдегі «ҚР Парламенті ШБ Автошаруа-шылығы» РМК аумағындағы ТКС 3611	ТСЛ-1600 кВа 6/0,4 кВ	2x1600 кВа	2 дана	10994861
ЖИЫНЫ					110680252